



Әне-міне дегенше, күнтізбе парағы күздің келіп қалғанын байқатады. Ауа райы да қысқа кам жасау керегін меңзей түскендей. Осы аптада Премьер-министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қысқа дайындық барысы пысықталды. Жайбарақаттықты жазға қалдырып, етек-жеңді жинайтын уақыт келді. Жылу беру маусымы басталған сәтте бәрі де сакадай сай болуы қажет. Салғырттықты қыс мінезі кешірмейді. Үкімет басшысының тапсырмасы осыған саяды.

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖЫЛУДЫҢ ЖАЙЫН ЖАЗДА ОЙЛА



Энергетика министрлігінің дерегіне сүйенсек, биыл республика бойынша 10 энергоблоқты, 55 қазандықты, 45 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінде 1 энергоблок, 28 қазандық, 22 турбинада жөндеу жұмысы жүріп жатса, 4 энергоблоқта, 21 қазандықта, 17 турбинада жөндеу аяқталған. Сондай-ақ 13,4 мың км электр беру желісі, 277 қосалқы станса, 2292 тарату пункті жөнделген. Үкімет отырысында елдегі әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің жылу маусымына дайындық барысы туралы айтылды. Кейбір өңірлердің дайындығы әлісіз

болып шықты. Бір атап айтарлығы, бұл мәселеде Сыр өңірінің аты аталмады. Дегенмен қай өңірде болсын, жылу маусымына дайындық жұмысын ширату қажеттігі айтылды. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев әкімдіктерге бірнеше міндет жүктелгенін атап өтті. Атап айтқанда, аймақтарда қыркүйек айының соңына дейін жылу желілерін жөндеу жұмысын толық аяқтау, 1 қыркүйекке дейін білім беру нысандарының толық дайындығын қамтамасыз етіп, 15 қазанға дейін денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

және тұрғын үй қоры объектілерінің дайындығын қамтамасыз ету; халықтың және коммуналдық-тұрмыстық сектордың көмірді алдын ала дайындауы бойынша медиа-жоспар әзірлеу және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету; темір жол тұйықтары мен қоймаларында көмір қорларының жинақталуын қамтамасыз ету; бекітілген кестеге сәйкес көмірді тиіп-жөнелтуге өңірлік операторлардан ай сайынғы өтімдермен көмір кеніштерін қамтамасыз ету міндеті тұр.

2-БЕТТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында «Жайлы мектеп» пилоттық жобасын әзірлеу керектігі туралы айтқан еді. Аталған жоба білім саласындағы бірқатар мәселені шешуге, оның ішінде апатты мектептерді жою, үш ауысымды мектептер мен оқушы орындарының тапшылығы мәселесін шешу мақсатында қолға алынған еді. Бұл бағытта 2023-2025 жылдар аралығында елімізде 369 орта білім беру нысанын салу жоспарланған. Нәтижесінде жоба екі ауысымда 740 мың жаңа оқушы орнын құруға мүмкіндік береді.

Жайың қалай, «Жайлы мектеп»?



«Жайлы мектептің» құрылысы екі кезең бойынша жүзеге асады. Бірінші кезең бойынша 2023-2024 жыл аралығында 208 жайлы мектеп салынуы қажет. Ал екінші кезеңде 151 жаңа білім ошағы ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда. Осылайша, елімізде 2025 жылға дейін 300-ден астам заманауи үлгідегі жайлы білім ошағы бой көтереді.

Аты да заты да бөлек бұл мектептің жобасы, сапалы салынуы, қаржыландыруы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ жауапкершілігінде. Ұлттық жобаны жүзеге асыруға республика бюджеті мен Ұлттық қордан 2,38 триллион теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде 2023 жылға 499,9 млрд теңге бөлінсе, биылға 976,7 млрд теңге, келер жылға – 909,4 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ жоспарланған 369 мектептің 206-сы қалада, 163-і ауылдық жерде салынабақ.

3-БЕТТЕ

Айғаным ҚҰРМАШ, қолөнер шебері:

ӘР ТУЫНДЫМА ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАМДЫ ҚАЛДЫРҒЫМ КЕЛЕДІ

Қолмен жасалған әрбір бұйым шебердің жан дүниесінің бір бөлігі. Қолөнер шеберінің әрбір жұмысы кішкентай қазына сияқты, талғам мен шексіз шығармашылықтың көрінісі. Қолөнер шеберінің бірі – Айғаным Құрмаш. Оның жасаған түйреуіштері – көз жауын алатын сәндік бұйым тек талғампаздығымен ғана емес, өзіндік ерекшелігімен де ерекшеленеді. Бұл түйреуіш несің ғана емес, осы бұйымды тамашалайтын кез келген адамға қуаныш сыйлайды. Оның қолөнер туындысы жай ғана зергерлік бұйым емес, стильдің, өз иелерінің даралығы мен бірегейлігін көрсетеді. Айғаным күнделікті өмірде сұлулықты көріп, оны сиқырлы бұйымға айналдырады. Жақында қолөнер шеберімен әңгімелесудің сәті түсті.

– Қолөнермен айналысып жүргеніңізге қанша уақыт болды?

– Ауылдың қызы болған соң қазақы тәрбиеге қанып өстік. Бала кезден ұлттық киім киіп, қамзол, орамал таққан ұнайтын. Ерекше көріну үшін сәнді түйреуіштер жасап, тағып жүремін. Содан қиындарда көптің көзі түсіп, қызығушылық, сұраныс та артты. Бір жағынан, аяулы анам, оның артынан ағам дүниеден өтіп, қатты күйзеліске түстім. Оның үстіне бала күтіміне байланысты демалыста болғандықтан қайғыдан арылуым қиынға соқты. Бір мезгіл ойым бөлініс деп сәнді түйреуіш жасауды қолға алдым. Соңғы екі айдың көлемінде тапсырыс қабылдап, әрбір аруға өзіндік ерекшелік сыйлап келемін. Бір жағынан тұрақты табыс көзіне айналды.

4-БЕТТЕ



ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР ЖАНҒА САЯ БОЛА МА?

«Ақынның көнбей асау ойлары, Асудан асқар аса қоймады.

Бауыр етінді қатыгез қала,

Бауырына бірден баса қоймады», – деген жас ақын Айдар Сайлауовтың өлеңін оқып, қалаға келген талай бала осылай ата-анасына мұң шағып жүргендей көрінді. Тірліктің қамтығын киіп, күнделікті күйбеңнен аса алмай жүрген қанша жан бәзбіреудің босағасын сығалап, пәтер жалдап күн кешуде. Қайбір жылы естеріңізде ме, елге босқындар келгенде пәтер иелері әлгілердің бес тынына алданып, өзіміздің қарақөздерімізді бостырып жіберіп еді ғой... Босқын өзге емес, өзіміз болдық. Мұндайда «Қорқамын дос болуға жаманменен, тар жерде ер-тоқымын сұрай ма деп» дегенді ойға алып, үнісіз мұңайып қаласын... Талай жәудіреген жанарлар осы баспананы бас ауруына айналдырып, өмірден де баз кешті ғой...

3-БЕТТЕ

БІР ЖЫЛДА МЫҢҒА ЖУЫҚ ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАЙДЫ, БІРАҚ ПӘТЕРГЕ МҰҚТАЖДАР НЕГЕ АЗАЙМАЙДЫ?

Қызылорданың қай түкпіріне барсаңыз да, салынып жатқан әлеуметтік нысандар мен көпқабатты тұрғын үйді көзіңіз шалады. Барып та жүрміз, жазып та жүрміз. Жолы болып, кезегі келгендер үй алып жатыр. Қоныс тойын тойлап, «Өз үйім, қайран боз үйім» деп, Жиренше секілді лашығын хан сарайына балап, бақытты күй кешіп жүргендер көп. Қалалық тұрғын үй инспекциясының мәліметінше, өткен жылы кезекте тұрған осал топтағы және көпбалалы отбасыларына арнап, 872 пәтер сатып алынған. Ал биыл осы кезге дейін 703 отбасы қоныс тойын тойлапты. Мұнан бөлек, жалпы есеп бойынша осы жылғы жоспар бойынша 1240 пәтер халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тобына және 135 пәтер апатты үйдің тұрғындарына беріледі деп межеленген.

Әйткенмен бұл жұмыс тұрғын үй кезегінде тұрғандардың санын азайтуға анау айтқандай үлес қоса алмай тұр. Осы



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттерінің жатақхана мәселесін сұрастырдық. Ондағылар межені тіпті артығымен орындап отырғанын айтты.

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің балансында 2 студенттік жатақхана (260 орындық

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР ЖАНҒА САЯ БОЛА МА?

күні арнаулы 5 санат бойынша барлығы 25 344 отбасы кезекте тұр. Мойнын соза-соза «стүйеге айналғандар» да көп.

Әлеуметтік желіде сауалнама жүргізген едік. Ондағылардың дені кезекке көңілі толмайтын сияқты.

Сұлушаш ҚОЖАНОВА, қала тұрғыны:

— Бұл үлкен бизнес болып тұр. Бір әйелдің басында 8 пәтер барын естіп, таңқалдым. Бәрін де жалға берелі. Пәтеракысы деген қымбат. Үйлердің ең көнесін, яғни, тұсқағаздары жыртылып, ызының иісі мүңкіген пәтерін айына 150 мың теңгеге беріп отыр. Салық төлемейді. Салыққа да, халыққа да пайдасы жоқ. Ешкім бақыламайды. Ал біздің балаларымыз бір пәтерге қол жеткізе алмай тұр.

Ақшопан БИТҮРСЫҢҚЫЗЫ, қала тұрғыны:

— Мен де 8 жыл пәтерде тұрдым. Бірақ қалтаға салмақ салмасын деп, қала шетіндегі жатақхананың бір бұрышын жалдап тұрдым. Толыққанды пәтер жалдап көрмейсің. Бірақ баспана мәселесі күн тәртібінен түспей тұрғаны рас.

Зинаида ЖАКУДЕВА, қала тұрғыны:

— Тұрғын үй кезегіне 2010 жылы тіркелгенмін. Әлі алған жоқпын. Бірақ менен кейін тұрғандар алып жатыр. Бір кем дүние.

Ботакөз ЖЕҢІСКЫЗЫ, қала тұрғыны:

— Өзім көп жылдан бері пәтер жалдап тұрамын. Үй иесі өте жақсы адам. Оған қоса, 2012 жылдан бастап үй кезегімемін. Биыл тіл-көзім тасқа, жылдан жылжып жатыр. Мені де сол берілген үйлерде кімдер тұрады деген сауал қызықтырады. Өйткені жана үйлерде жалдамалы пәтерлер аз емес. Сонда не үшін берген, өздері қайда тұрады? Кезегім келіп, маған үй берсе, өзім тұрамын. Себебі басқа тұратын жерім жоқ.

ӘРЕКЕТКЕ – БЕРЕКЕТ

Білім саласының қызметкері Әзімхан Ермашов ойда жоқта баспаналы болды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек ететін ол жалақыдан ауысқан азамат қаражатты «Отбасы банкінен» шот ашып, сонда аударып отырған. Банк талабына сай пәтер тандауға мүмкіндігі туған ол сол күні бәрін аспанға атып қуанды.

— Пәтер жалдап, жолдасым екеуіміз амалдап жүргенбіз. Бір күні «Отбасы банкінен» хабарласып, талап бойынша меже жеткенімді айтты. Дерек барып, конкурста қатысып, жана жыл мерекесі қарсаңында ойда жоқта баспаналы болдық. Әрине, «маған тегін үй бер» деген масыл көзқараспен телміріп отыра беруге болмайды. Әрекет еттің бе, берекетін көресің. Қазір шүкір, жолдасым да мен де – мұғалімбіз. Жалақыдан біреудің қалтасына қаражат құйғанша, өз үйіңнің несиеңін жабасың. Сол емес пе маньдысың, — дейді Әзімхан Оразұлы.

Қазір басқа да мемлекеттік бағдарламалар арқылы баспанаға қол жеткізіп жүргендер де жетерлік. Міне, Әзімхан бірнеше жылғы еңбегінің нәтижесінде пәтер жалдап тұратын бір отбасының санын азайтты.

Басы 1-бетте

ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР ЖАНҒА САЯ БОЛА МА?



БАЛАЛАРЫҢ БОЛСА, ПӘТЕР ЖАЛДАУ ҚИЫҢҒА СОҒАДЫ

Серікбол Ыбырай жары Назым екеуі 12 жылдан бері пәтер жалдап тұрады. Құдай берген төрт баласы бар. Пәтер іздегенде оның алдынан «Неше балаң бар?» деген сұрақ жиі қойылады.

— Пәтер жалдағанның қиындығы көп. Қашан келіп «босат» деп бұйрық берелі деп алаңдап жүресің. Өз үйің болмаған соң, жалтақтаумен күн кешесің. Балаларың үйді тоздырады, қиратады деп қашады. Пәтерден-пәтерге ауысып жүргенде балаларыңның мектебін де жақын аймаққа ауыстырасың. Олардың да үйреніп қалған ұстаздары мен достарынан ажырауы қиын. Өз үйің болғанға не жетсін?! Қазір «Отбасы банкіне» қаражат құйып жатырмыз. Жақын арада үй бұйырып қалар. Әйтеуір, қолдан келсе, әрекет етіп, алғмыз келеді. Пәтер жалдап тұру кімге ұнайды дейсіз?! Жұмыстан шығып қалмасам екен, пәтеракыны кешіктіреуім керек деп, үнемі сарыуайымға салынып жүресің, — дейді С.Ыбырай.

ХАЛЫҚТАН АЛҒАН АҚШАНЫ САЛЫҚҚА БЕРЕ МЕ?

Қызылорда қалалық мемлекеттік кірістер басқармасына хабарласқан едік. Ол жақтағылардан мәлімет алу қиына соқты. Әйтпесе, осыдан бірер жыл бұрын аталған орган қызметкерлерімен бірлесе бірнеше мәрте рейдке шыққан едік. Тәуліктен пәтер беретіндер де тұрған орындарынан табандарын жалтыратып тайып тұрған. Өйткені олардың тірлігі — жабайы кәсіп. Сондықтан халықтан алған ақшаны салыққа бере ме деген сауалдың төңірегінде тікелей жауап беру қиын. Әрине, тіркеліп, жұмыс істеп жүргендері жоқ емес. Бірақ дені — есігінің алдындағы бос тұрған қосалқы үйін, қала орталығындағы қосымша пәтерін тек тұрмай, табыс тапсын деп, беріп отырғандар. Хабарландырулар сайты арқылы бірнеше жерге хабарласып, біздегі баға Астана мен Алматыға жете қоймайды, бірақ осындағы айлық жалақыға шаққанда әжептәуір қаражат.

— Сәлеметсіз бе? Пәтер алсақ деп едік... Ұзақ уақытқа.

— Жақсы. Келіп, көріңіз. Универсам, южный, управление аумақтарында бар. Екі бөлмелі. Жүз мыңнан басталады. Қымбаты — 220 мың теңге.



Барып көрдік. Журналистің демедік. Бірақ орташа жағдайда. Ал сол жағалаудағы жана үйлерді де пәтерге беріп тастағандар көп екен. Бірақ олар есімдерін атаудан бас тартты. Үй иесінің талабы сондай екен. Сонда пәтерге жасырын бергендігі мақсаты қандай? Бәлкім, біріншісі салықтан жалтару. Ал екіншісі — ... Кім білсін?! Әйтеуір, мұндағы баға қарсы беттен әлдеқайда қымбатырақ екенін білдік...

ПӘТЕРШІЛЕРДІҢ САУДАСЫН СТУДЕНТТЕР ҚЫЗДЫРАДЫ

Тамыз да тәмам болуға таяды. Енді күз жақындаған сайын ауылдардан ат арытып, арқаланып, студенттер келе бастайды. Көпшілігінің қалада күтіп отырған ата-анасы немесе ет жақыны жоқ. Сондықтан олардың ішінде жолы болғандары жатақхана тұрғыны атанып жатса, тағы бірі жеке пәтер жалдап күн кешеді. Ал пәтер іздеп, біреудің босағасынан сығалап, оның қас-қабағына қарап өмір сүру дегеніңіз қандай екені айтпаса да түсінікті.

№3 жатақхана мен 400 орындық №5 жатақхана) және сонымен қатар әріптестік негізінде келісімшарт арқылы «Қаржы орталығы» АҚ қаржыландырылатын жеке жатақхана-лардан 680 орын пайдалануға келісім жасалған. Ашып айтатын болсақ, 2024-2025 оқу жылында «ДилМаш» ЖШС-мен жасалған келісім-шарт негізінде 350 орындық, «Өркеніст» ЖШС-мен жасалған келісім-шарт негізінде 150 орындық және «Инкар 7» ЖШС-мен жасалған келісім-шарт негізінде 180 орындық жатақханалар пайдалануға берілді. Университеттің №3 және 5 жатақханаларында жөндеу жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған жатақханалардағы орын саны — 1340. Ал жатақханаға жолдама алған білім алғандар саны — 936. Жатақханада орын жеткілікті», — делінген ақпаратта.

Қаладағы жоғары оқу орындарының біріне қабылданған Айдос ауылда-сы екеуі бір мамандықта оқиды.

Дәулет ҚЫРДАН

«Сенімен Болашақ» РҚБ Қызылорда облыстық филиалы және Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Мектепке дайындық» атты облыстық ата-аналар жиналысы өтті.

БАЛА ТӘРБИЕСІ МАҢЫЗДЫ



Шараға қалалық, аудандық, ата-аналар комитетінің төрағалары мен сала мамандары қатысты. Жиналыс мақсаты — еліміздегі ата-аналар мәдениетін қалыптастыру. Шараға жиналған сала мамандары мен ата-аналар бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді қызу талқылап, өз ұсыныс-тілектерін ортаға салды. Ашылу салтанатында «Сенімен Болашақ» РҚБ Қызылорда облыстық филиалы басшысы Шәкізат Қаратайұлы баланың дамуына назар аудару және оның пікірін ескеру қаншалықты маңызды екенін түсіндірді. Әрбір ата-ана кұмар ойындардың, суицидтік ойлардың немесе ерте жүктіліктің алдын алу үшін не істеу керек екенін, ата-аналарға да, балаларға да осы проблемалардың салдарын ақпараттандырып, болдырмау үшін шаралар қабылдау маңыздылығын атап өтті. Басқосудың келер ұрпақ үшін жөні бөлек, мазмұны терең екенін тілге тиек еткен облыстық білім басқармасының Тәрбие спорт және қосымша білім беру орталығы, қосымша білім беру бөлімінің әдіскері Мағжан Қанатұлы бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді, оларға қолдау көрсету маңызды екенін атап өтті. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, жауапкершілік пен жас

София ТЕМІРБОЛАТ

Отбасындағы құндылықтарды жаңғыртуға, өнегелі отбасы өмірін насихаттауға, шығармашылығын шыңдауға бағытталған «Мерейлі отбасы» байқауы биыл да өз жалғасын тапты.

Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде өткен мерекелік жиында бірқатар отбасының мерейі өсті.

ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫҢ ТІРЕГІ



Қасиетті құндылығымыздың қарашығындай болған дәстүрімізді дәріптеп, ата-анасын ардақтап, өмірдің әр саласында өзін көрсете білген отбасылар баршылық. Олардың жарқын ісі жалғасын тауып, кейінгіге өнеге болуы керек. Осы негізде 11 жыл бұрын бастау алған байқау бүгінге дейін талай шаңырақты шаттыққа бөледі. Бүгін де соның жарқын үлгісін көрдік.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жеңімпаздарын қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдан Қайруллаев құттықтады.

— Отбасылық құндылық Отанымыз үшін әрқашанда қымбат. Әрбір отбасы бақыты — еліміздің бақыты. Сол үшін қаншама ата-ана еңбек етіп келеді. Қалалық кезеңге 36 отбасы үміткер ретінде қатысып, құрылған комиссия шешімімен 6 отбасы іріктеу кезеңіне жолдама алды. Отбасы тұрақтылығы демографиялық өсімін бірден бір қағидасы десек, үлгілі шаңырақ иесі болу әрбір азаматтың міндеті, мемлекет жауапкершілігі. Жыл өткен сайын азаматтардың елімізде өмір сүру сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылданып, нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Оған дәлел әлеуметтік төлемдер көлемі ұлғайып келеді. Қарқынды жүріп жатқан құрылыстар, демалыс

орындары, әлеуметтік салалардағы қолдаулардың барлығы да ел-халықтың игілігі үшін жасалуда, — деді бөлім басшысы.

Ұлттық байқаудың шарты бойынша жүзден жүйрік шыққан 3 отбасы жүлделі орынды иемденіп, 3 отбасы арнайы номинация иегері атанды.

Қоғамдағы, рухани өмірдегі белсенділігімен топ жарып, қанатын кенге жайған әулет Қызылжарма ауылдық округінің тұрғындары Жарқынбекөттер отбасы І дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал бірлік пен ынтымақтың үлгісін паш еткен қарауылтөбелік Жайсаңбаевтар отбасына ІІ дәрежелі диплом табысталса, ІІІ дәрежелі дипломы өздерінің ерекше белсенділігімен көзге түскен Қошқаровтар отбасы иеленді.

«Өнерлі отбасы» номинациясымен Сыр елінің өнеріне қомақты үлес қосып жүрген тасбөгеттік Ұлықпановтар отбасы, «Темір жол династиясы» номинациясымен темір жол саласына еңбегі сіңген қала тұрғындары Байсұтұловтар отбасы, ал «Өнегелі әулет» номинациясымен өз өнерлерімен көпшілікті тәнті еткен қызылөзектік Досановтар отбасы марапатталды.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

